

# МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

## Мақала туралы мәлімет

Конференция атауы	«Жастар және ғылым: бүгiнi мен болашағы» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелiк конференция материалдар жинағы
Сборник	«Молодежь и наука: настоящее и будущее». Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых
Conference	The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «Youth and Science: Present and Future»
Өткiзiлген күнi	7 сәуiр 2025, Атырау
ISBN	978-601-262-587-5
Жинақтағы жариялану №	067
Жинақтағы беттерi	312-314
ӘОЖ/УДК/UDC	ӘОЖ 336(75)
Секция	Секция IV. I Жұмысшы кәсiптерi-экономикалық өсу мен дамудың драйверлерi // Рабочие профессии - драйверы экономического роста и развития
Автор(лар)	Республикасы
Мәртебесi	Студент
Ғылыми жетекшi	Ғылыми жетекшiсi, э.ғ.м., оқытушы Әлиева А.Ө.
Мақала атауы	ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АУДИТ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ РЕФОРМАЛАР МЕН ЖАҢА ҮРДІСТЕР

Ескерту: бұл бет сайтқа орналастыру және мақала PDF-ін сәйкестендіру үшін қосылды. Төменде жинақтағы мақаланың түпнұсқа беттері берілген.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Макеев В.А. Корпоративная культура как фактор эффективной деятельности организации. – М.: Ленанд, 2015. – 248 с.
2. Грошев И.В. Организационная культура: Учебник / И.В. Грошев, А.А. Краснослободцев. - М.: Юнити, 2015. - 535 с.
3. Мызрова К. А. Организационная культура: учебное пособие. – Ульяновск: УлГУ, 2011. – 194 с.
4. Мусина, А. К. Становление современной казахстанской национальной модели корпоративного управления // Экономика и социум. – 2022. – № 2-1(93). – С. 419-422.

ӘОЖ 336(75)

## ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АУДИТ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ РЕФОРМАЛАР МЕН ЖАҢА ҮРДІСТЕР

**Ұзақбай Қ.Ж., Карасаев Н.Н.**

[kurauzak@mail.ru](mailto:kurauzak@mail.ru), [karasaevvvv@gmail.ru](mailto:karasaevvvv@gmail.ru)

«Есеп және аудит» ББ, 3 курс білім алушылары

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі, э.ғ.м., оқытушы Әлиева А.Ө.

Қаржылық бақылау мен мемлекеттік аудит – кез келген мемлекеттің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ететін негізгі құралдардың бірі. Бұл жүйе мемлекеттік қаржының тиімді басқарылуын бақылап, бюджет қаражатының мақсатты әрі заңды түрде жұмсалыуына жауап береді. Қазақстанда қаржылық бақылау жүйесін жетілдіруге бағытталған бірқатар реформалар жүзеге асырылды, бұл мемлекеттік аудиттің тиімділігін арттыруға және қаржылық тәртіпті нығайтуға ықпал етті [1].

Қаржылық бақылау жүйесі арқылы бюджеттің дұрыс жоспарлануы мен орындалуы қамтамасыз етіледі. Бұл жүйе қаржы тәртібін нығайтуға, заң бұзушылықтардың алдын алуға және мемлекеттік ресурстарды оңтайлы пайдалануға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда мемлекеттік аудит тек қаржылық есептіліктің дұрыстығын тексерумен ғана шектелмейді, сонымен қатар бюджеттік бағдарламалардың тиімділігі мен олардың әлеуметтік-экономикалық әсерін бағалауға бағытталған [2].

Қазақстанда қаржылық бақылау мен аудит жүйесі соңғы жылдары халықаралық стандарттарға бейімделіп, жаңа технологияларды белсенді түрде енгізуде. Бұл үрдістер мемлекеттік қаржының ашықтығын арттырып, аудит сапасын жақсартуға ықпал етеді. Мақалада Қазақстандағы қаржылық бақылау мен аудит саласындағы реформалар, жаңа үрдістер және оларды жетілдіру жолдары қарастырылады [3].

Қазақстандағы қаржылық бақылау жүйесі бірнеше кезеңнен өтті. Кеңес заманында қолданылған мемлекеттік бақылау жүйесінен кейін еліміз нарықтық экономикаға көшу барысында қаржылық бақылау мен аудиттің жаңа әдістерін енгізуге мәжбүр болды [4].

### **Негізгі даму кезеңдері:**

1. Кеңестік кезең (1920-1991 жж.) – қаржылық бақылау орталықтандырылған жоспарлау жүйесінің ажырамас бөлігі болды. Барлық қаржылық ағындар мемлекеттік бақылауда болды [5].
2. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары (1991-2000 жж.) – нарықтық экономикаға көшу барысында қаржылық бақылау жүйесі қайта құрылды. 1998 жылы ҚР Қаржы министрлігінің құрамында Қаржылық бақылау комитеті құрылды [6].

3. 2000-2015 жж. – аудит пен бақылаудың заманауи әдістері енгізілді. 2015 жылы «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заң қабылданып, қаржылық бақылаудың үш негізгі түрі анықталды [2]:

- Сәйкестік аудиті – қаржы операцияларының заңнамаға сәйкестігін тексеру;
- Қаржылық аудит – есептіліктің дұрыстығын бағалау;
- Тиімділік аудиті – бюджет қаражатының тиімді жұмсалуды талдау.

4. 2015 жылдан кейінгі кезең – цифрлық технологияларды енгізу арқылы қаржылық бақылау мен аудит жүйесінің автоматтандырылуы басталды. Электрондық аудит, Big Data және жасанды интеллект негізіндегі бақылау механизмдері енгізілді [3].

Мемлекеттік аудит саласындағы реформаларға тоқталатын болсақ, қаржылық бақылаудың сапасын арттыру мақсатында Қазақстанда келесі реформалар жүзеге асырылды:

• Цифрлық аудиттің енгізілуі – 2023 жылдан бастап мемлекеттік мекемелердің қаржы-шаруашылық қызметіне электрондық аудит енгізілді, бұл деректерді өңдеуді жеделдетуге және адами фактордың әсерін азайтуға мүмкіндік берді [4]. Сонымен қатар, кейінгі аудиттен алдын алу аудитіне көшу бойынша трансформация басталды, қазіргі таңда әр үшінші аудит қашықтан жүргізіледі.

• Аудиторлық қорытындылардың ашықтығын қамтамасыз ету – мемлекеттік аудиттің басты мақсаты бюджет қаражатын пайдалану процесін барынша ашық ету болып табылады [3]. Осы мақсатта бюджетті жоспарлаудан бастап келісім-шарттық міндеттемелерді орындауға дейінгі процестерге камералдық бақылау енгізілуде, бұл үшін бірыңғай цифрлық платформа қолданылады.

• Қаржылық құқық бұзушылықтарды қатаң бақылау – аудит нәтижелері бойынша заңсыз қаржылық операцияларды анықтау және оларды алдын алу шаралары күшейтілді. Мысалы, 2024 жылдың қорытындысы бойынша аудиторлар 862 млрд теңгеге бұзушылықтарды анықтап, оның 135 млрд теңгесі бюджетке қайтарылды [6].

• Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының қайта құрылуы – 2026 жылдан бастап өңірлік тексеру комиссияларының орнына Жоғары аудиторлық палатаның аумақтық департаменттері құрылады. Бұл мүдделер қақтығысын болдырмауға және аудиттердің объективтілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қаржылық бақылау және аудит принциптері. Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың тиімділігін қамтамасыз ететін негізгі қағидаттар заңнамамен бекітілген. Қазақстанда бұл қағидаттар «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заңның 6-бабында көрсетілген. Оларға мыналар жатады:

- Тәуелсіздік
- Объективтілік
- Кәсіби құзыреттілік
- Құпиялылық
- Шынайылық
- Ашықтық (прозрачность)
- Жариялылық
- Аудит нәтижелерін өзара мойындау

Аудиттің ашықтығы (прозрачность) ұғымына қатысты заңнамада екі түрлі түсінік бар. ҚР Бюджет кодексінде бұл қағидат транспаренттілік деп аталады және бюджет қаражатын пайдалану жөніндегі құжаттардың, есептер мен стратегиялардың жария түрде қолжетімді болуын білдіреді. Ал аудит заңнамасында ашықтық тек аудит нәтижелерін түсінікті етіп жеткізумен шектеледі. Бұл айырмашылық заңнамалық деңгейде нақтылануы қажет.

Қазақстанда қаржылық бақылаудың құқықтық негізі "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" ҚР Заңымен (2015 ж.) айқындалған. Бұл заң мемлекеттік аудиттің мақсаттарын, принциптерін, түрлерін және жүргізу тәртібін реттейді [2].

**Негізгі ережелері:**

<b>Мақсаты</b>	Бюджет қаражатының тиімділігін қамтамасыз ету; Қаржылық бұзушылықтарды анықтау және алдын алу
<b>Негізгі принциптері</b>	Тәуелсіздік, объективтілік, ашықтық (прозрачность), кәсіби құзыреттілік; Жариялылық, қаржылық тәртіпті сақтау
<b>Аудит түрлері</b>	Сәйкестік аудиті, қаржылық аудит, тиімділік аудиті
<b>Аудит жүргізетін органдар</b>	Жоғары аудиторлық палата; Ішкі мемлекеттік аудит комитеті; Жергілікті тексеру комиссиялары

Бұл заң қаржылық бақылау жүйесінің негізін құрайды және оның тиімділігін арттыруға бағытталған реформалардың құқықтық базасы болып табылады.

Қаржылық бақылау мен аудиттің тиімділігін одан әрі арттыру үшін келесі шаралар ұсынылады:

<b>Артықшылықтары</b>	<b>Кемшіліктері</b>
Қаржылық тәртіпті нығайту	Құжат айналымының күрделілігі
Мемлекеттік қаражаттың ашықтығын арттыру	Аудит процесінің ұзақтығы
Жемқорлықтың алдын алу	Қаржылық есептіліктің күрделілігі
Бюджеттің тиімді орындалуын қамтамасыз ету	Квалификацияланған мамандар тапшылығы

- Аудит қызметінің толық цифрландырылуы – барлық мемлекеттік аудит процестерін онлайн-платформалар арқылы жүргізу;

- Құқықтық негіздерді жетілдіру – аудиттің тәуелсіздігін күшейтетін жаңа заңнамалық нормаларды қабылдау;

- Халықаралық тәжірибені кеңінен енгізу – озық шетелдік тәжірибелерді Қазақстан жағдайына бейімдеу;

- Мемлекеттік қаржының ашықтығын арттыру – бюджет қаражатының жұмсалуды қоғамдық бақылауға мүмкіндік беретін ашық дерекқорлар құру;

- Аудиттің болашақтағы маңызы – цифрлық аудит, blockchain технологиялары және жасанды интеллект көмегімен аудит жүргізудің жаңа тәсілдерін енгізу мемлекеттік қаржының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақстандағы қаржылық бақылау және аудит жүйесі соңғы жылдары айтарлықтай реформалардан өтті. Мемлекеттік аудиттің жаңа әдістерін енгізу, цифрландыру және ашықтықты арттыру арқылы қаржы жүйесінің тиімділігін қамтамасыз етуге болады. Бүгінде қаржылық бақылау жүйесі бюджет қаражатының тиімді жұмсалуды ғана емес, сонымен қатар оның экономикалық және әлеуметтік әсерін бағалауға бағытталған [1].

Алдағы жылдары бұл бағытта одан әрі даму күтілуде. Аудит жүйесін жетілдіру үшін халықаралық стандарттарды енгізу, құқықтық базаны нығайту және ақпараттық технологияларды қолдану қажет. Мемлекеттік қаржының ашықтығын қамтамасыз ету үшін азаматтық қоғамның белсенді қатысуын арттыру маңызды. Сонымен қатар, қаржылық бұзушылықтарды болдырмау үшін қатаң бақылау шаралары қажет.

Жалпы, қаржылық бақылау мен аудит Қазақстан экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз етудің маңызды құралдарының бірі болып табылады. Оның тиімділігі елдің қаржылық тұрақтылығына, инвестициялық тартымдылығына және халықтың әлеуметтік әл-ауқатына тікелей әсер етеді.

### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі. – Астана, 2023.
2. "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, 2015 жыл.